

Бурабай аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 21 қазандағы № С-38/3 "Бурабай ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 5С-4/2 шешімі. Ақмола облысы Бурабай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 мамырда № 1-19-231 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 5С-12/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 20.12.2012 № 5С-12/4 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес Бурабай аудандық мәслихат ШЕШІМ Е Т Т І :

1. Бурабай аудандық мәслихаттың «Бурабай ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2011 жылғы 21 қазандағы № С-38/3 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-19-212 тіркелген, 2011 жылғы 8 желтоқсанда «Бурабай» және «Луч» аудандық газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тараудың 3 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«3. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар төлемдері, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысының тұтыну нормалары шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.»;

2 тараудағы 10 тармақтың 3 тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«3) тұрақты мекен-жайы бойынша тіркелуін растайтын құжат (

мекен-жайының анықтамасы немесе селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы);»;

2 тараудағы 10 тармақтың 5 тармақшасы алып тасталсын;

2 тараудағы 10 тармақтың 6 тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шот.»;

2 тараудың 11 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«11. Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығындарға өтемақы алуға құқығы бар отбасылар (азаматтар) 10 тармақта көзделген құжаттармен қоса ұсынады:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

2) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот.»;

2 тараудағы 17 тармақтың 1 тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

«1) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған төлемдер, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу отбасының осы мақсаттарға белгілеген 11 % шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінен аспайтын болса;»;

3 тараудың 22 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«22. Бурабай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» Бұйрығы негізінде есептейді.»

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
	<i>І V</i>	<i>(к е з е к т е н т ы с)</i>
<i>сессиясының төрағасы</i>	<i>Г.Бичун</i>	
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Ө.Бейсенов</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Бурабай ауданының әкімі</i>	<i>В.Балахонцев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК